

ӘОЖ 371:378

ГТАМР 14.25.01

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.78.3.012>

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ РОЛІ

*Жарикбаева Д.Р.¹, Балажанова Қ.М.², Рахметова Н.Б.³

*^{1,2,3}Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Еліміздің жарқын болашағы білімді, бәсекеге қабілетті, әрі білікті маман иесінен құрылады. Сол себепті, жастарымыздың кәсіби қалыптасуы Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың болашақ мамандығын таңдауы сапалы жүзеге асыру мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарына ерекше көңіл бөлу қажеттілігі туындап отыр. Кәсіптік бағдарлаудың негізгі мақсаты оқушы жастардың жеке басын кәсіби түрде анықтау үшін қажетті дұрыс таңдау жасауға көмектесумен анықталады. Оқушылардың кәсіби бағдары мамандықтар әлемін түсіну жүйесін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының өз қабілеттеріне, маңызды қызметте алға қойылған мақсаттарға жетудің құралдары мен жолдарын таңдауға, өз қызметін нақты өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыруға жол ашады. Осыған орай, біз мақалада кәсіби бағдар жұмыстарының тиімділігін ЖООны мен жалпы білім беретін мектеп арасындағы қарым-қатынас құру арқылы зерттедік. Зерттеу барысында мектептермен байланысқа түсіп, кәсіби бағдар беру жоспарын бірге құрып, осы жоспар егізінде кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. Кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының іске асыртын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы ереже, Қазақстанның жаңа кәсіптер атласы негізге алынды. Сонымен қатар, мектептермен бірігіп оқушылар, ата-аналар арасында кәсіби бағдарлау жұмыстарын құрылған жоспар бойынша жүзеге асырдық. Оқушылардың сапалы кәсіби бағдарлануы мақсатында жалпы білім беру мектептерімен ЖОО-дар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру мәні зор.

Тірек сөздер: кәсіби бағдар, кәсіби бейімделу, бейіндік оқыту, мамандық, жоғары оқу орны, мектеп, оқушы, түлек

Кіріспе

Жалпы мектеп және кәсіби колледж түлектерінің кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі олардың болашақ мамандыққа деген жеке

қызығушылықтары, ұмтылыстары, мотивтері және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жазықтығы, еңбек және халықты жұмыспен қамту нарығына байланысты болады. Дәл осы позициялардан кәсіптік бағдар беру жұмысын қарастырылуда, қызмет түрлері талапкерлердің жеке өсуіне, олардың бейімділік кәсіби деңгейін анықтауға және олардың болашақ жұмыс өмірінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар мамандық таңдау макроэкономикалық көрсеткішке жағымды әсер етеді, демек жұмыссыздықтың болмауы қызмет салалары бойынша жұмыспен қамту құрылымы және т.б ретінде қарастырылады. Кәсіби бағдар мен кәсіби өзін-өзі анықтау үлкен қызығушылық саласына жататын көрсеткіш. Кәсіптік бағдар беру жұмысы кәсіби өзін-өзі анықтаумен байланысты бітіруші түлектер, бұл әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық проблема болып саналады. Болашақ түлектерді тәрбиелеу және әлеуметтендіру бағыты ата-аналар мен мұғалімдердің жұмысына және жоғарға оқу орындарының кәсіби бағдар жүргізу жұмыстарына тікелей байланысты. Білім алушылардың кәсіби қалыптасуына кәсіптік бағдар беру жұмысы, тәуекелдерді теңестіру факторы ретінде анықталады [1].

Кәсіптік бағдар беру жұмысы кешенді түрде жүргізіледі, оған жеке білім беру мекемелері мен қатар, бірнеше ұйымдар мысалы, мектеп-колледж – кәсіпорын, ЖОО – ұйымдары кіреді. Осы аталған мекемелер ашық есік күндерін өткізеді. Жастардың кәсіби өзін - өзі анықтауына мемлекеттік және мемлекеттік емес жұмыспен қамту қызметтері ықпал етеді. Нарықтық экономика, білім беруде қызмет көрсету саласына ауыстыру жағдайында университеттер түлектердің тартуға бағытталған белсенді қызметті жүргізеді.

Қазіргі заманында әр бір жоғары оқу орыны еліміздегі білім беру қызметі нарығында бәсекеге қабілетті болуға ұмтылады. Олардың бәсекеге қабілеттілігі оқу орындарындағы қамтылатын білім беру бағдарламаларына талапкерлердің және осы білім беру бағдарламалдарын бітіруші түлектерге стейкхолдерлердің “stakeholder” сұраныстары арқылы анықталады. Сондықтан жоғары оқу орындарының кәсіптік бағдарлау жұмыстары негізінде мектептермен тығыз байланыс орнатуы арқылы жүргізетін жұмыстар әр университеттің стратегиялық жоспарларының негізі болып табылады.

Мектеп түлегі үшін мамандық таңдау өз болашағын жоспарлаумен байланысты болғандықтан - бұл өте күрделі үдеріс. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Саналы кәсіби таңдауды жүзеге асыру мақсатында қажетті ресурстарды қалыптастыруда жетекші рөл жалпы білім беретін мектепке беріледі. Осыған байланысты оқушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектесуге бағытталған іс-шаралар жүйесін іске асыруы керек.

Оқушылардың өзін-өзі анықтауы үдерісінің сапалы жүзеге асырылуы

үшін мектеп тікелей оқушылармен, олардың ата-аналарымен, мекемелермен ғана емес, сонымен бірге жоғары оқу орындарымен (ЖОО) тығыз байланыс орнатуы қажет. Кәсіби өзін-өзі анықтау үшін жастар болашақ мамандықтарын таңдайды және осы таңдаған кәсібі бойынша білім алу ЖОО-нында жүзеге асырылатындықтан, оқушылар ата-аналарымен бірге ЖОО-ны мен қамтитын Білім беру бағдарламасын (БББ) таңдайды.

Бүгінгі таңда ЖОО-дарының кәсіптік бағдарлау қызметі олардың күнделікті өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жоғары мектеп кәсіби бағдарланған жастардың қажеттілігіне байланысты өз алаңдарында оқушылармен жұмыс істеудің көптеген түрлерін қолданады. Қазіргі заманғы ЖОО-дары ұсынатын білім беру қызметтерінің тізімі өте кең және әртүрлі мамандықтар мен дайындық бағыттарының кең спектрін қамтиды. Демек, болашақ түлектер үшін ЖОО-ның сайттарында мамандық таңдауға қолжетімді барлық сала бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны мен қызметін толық көруге мүмкіндіктер бар. Сондықтан талапкерді саналы түрде университетте дайындық бағытын таңдауға мүмкіндік беретін оның тұрақты кәсіби мүдделерін қалыптастыру мәселесі өте маңызды. Бүгінде ЖОО-дары оқушыларды тарту бойынша белсенді, кең ауқымды кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуде.

Мектеп және ЖОО тарапынан кәсіби бағдар беру бағыты бойынша қанша жұмыс жүргізілсе де, жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауының сапасы қажетті дәрежеде жүргізілмейтіні анық. Себебі, қазіргі уақытта мектеп түлектері Ұлттық бірыңғай тестінің (ҰБТ) нәтижесіне орай ЖОО-ны мен БББ-сын таңдайды. Таңдаған БББ-сы бойынша білім алып бастағанда студенттер болашақ кәсібіне көңілдері толмай, кебіреулері өз еріктерімен, кейбіреулері қайта оқу курстарына қалып, үлгерімдері төмен көрсеткішпен оқудан шығып жатса, ал кейбіреулері төмен үлгеріммен дипломдарын алып жатады. Аталынған «жетістіктермен» ЖОО-ның тамамдаған маманның кәсіби деңгейі қандай болмақ?

Осыдан келе, зерттеу жұмысымыздың **мақсаты**: елімізге жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарының сапалы жүзеге асырылуындағы мектеп пен ЖОО-ның ролін анықтау болып табылады.

Алдымызға қойған мақсатты негізге ала отырып, келесідей **міндеттерді** анықтадық: кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасын арттыруда мектеп пен ЖОО-ның ролі туралы зерттеулерді жинақтап, өзіндік тұжырымдама даярлау; мектеп пен ЖОО біріккен кәсіби бағдар беру бағдарламасы мен жоспарын құру және осы жоспар негізінде зерттеу жұмысын жүргізу; жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесін анықтау, жұмысты қорытындылау.

Материалдар мен әдістер

Осы уақытқа дейін оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижесі қанағаттанарлықсыз болу себептерін К.Л.Хетагурова атындағы Солтүстік Осетин мемлекеттік университетінің мамандары Г.Р.Дзитоев пен И.М.Бигаева келесідей атап өткен:

«Біріншіден, мектеп мұғалімдері тек 10-11 сыныптарда басталатын оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының рөлін жете бағаламайды және бұл жұмыс өз мәні бойынша үстірт.

Екіншіден, оқушылардың кәсіптер туралы шектеулі біліміне байланысты оларды таңдау ата-аналардың пікіріне, отбасылық дәстүрлерге және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамаға негізделген. Оқушы өз бетінше және саналы түрде кәсіби таңдау жасай алмайды. Нәтижесінде, мамандықтардың біріне түсе отырып, екі-үш жылдан кейін жасөспірім оны таңдауы дұрыс емес екенін түсінеді. Демек, уақытты жоғалту және қайта даярлау. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының кәсіптік бағдар беру жұмысында ескірген әдістерді қолдануда тағы бір проблема бар, ол тек жарнамалық-ақпараттық буклеттер тарату және «ашық есік күндерін» өткізу. Қазіргі мектеп оқушылары олармен кәсіби бағдар берудің инновациялық әдістерін қажет етеді» [2].

Оқушының дұрыс таңдау жасауы үшін оның кәсіптер туралы ақпараттануы, бұл мамандықты даярлайтын ЖОО-дары мен БББ топтармен танысып, ҰБТ тапсыруда бейіндік пәндерді таңдауы және осы бағытта даярлануы жеткіліксіз. Себебі оқушының бойындағы қалыптасқан қасиеттері, құндылықтары, қабілеттері мен ұмтылыстары таңдаған кәсіпке сәйкес келуі де маңызы орын алады. Сондықтан, мектеп пен ЖОО-дары біріккен кәсіби бағыт-бағдар беру үдерісі оқушылар мен олардың ата-аналарына заманауи мамандықтар әлемінде дұрыс және қатесіз таңдау жасауларына көмек беруші іс-шара болып табылады.

Университеттер мен мектеп кластерлеріне мақсатты қолдау үшін бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуі керек, мысалы, ол үшін ерекше жауапкершілігі бар мұғалімдердің рөлін анықтау, соның ішінде пән мұғалімдері мен ата-аналарға қолдау көрсету сияқты салалардағы озық тәжірибелерге негізделген және жоғары үлгерімі бар оқушыларға ұсынылатын ұсыныстардың сипатын, жиілігін, түрін және ақпаратын түсіну. Бұл осы мұғалімдердің негізгі рөлін, сондай-ақ қазіргі уақытта осы рөлдердің қалай анықталатынының әртүрлілігін және осы рөлдердің қаншалықты тиімді орындалатынының біркелкілігін мойындайды. Ол сондай-ақ шешім қабылдау процесінде «маңызды тұлғалардың» бүкіл желісімен өзара әрекеттесудің, бірқатар тиісті сараптамаларды/тәжірибелерді пайдаланудың, сондай-ақ оқушыларға ұсынылатын ұсыныстардың тиімділігі мен дәйектілігін ынталандырудың маңыздылығын атап көрсетеді [3].

Осының негізінде оқушыларға мамандық таңдауға техникалық-ұйымдастырушылық және психологиялық тұрғыдан жұмыстар жүргізген дұрыс. Мектеп пен ЖОО-дары арасында келісілген кәсіби бағдар беру кабинеттері ұйымдастырылып, іс – шаралар өткізіліп отырған жөн. Онда арнайы жүргізілетін кәсіби бағдар жұмысының бағдарламасы мен жоспары, оны жүргізу әдіс – тәсілдері, серіктес ЖОО – ның келісім шарты қарастырылуы керек. Сонымен қатар кәсіби бағдар жұмыстары тек ЖОО – ның орналасқан мекеніне ғана емес бүкіл Республика бойынша қамтылғаны жөн. Себебі қазіргі әлемдік және елімізде білім беру саласында кәсіби таңдау, кәсіби сәйкестік, кәсіби қызметке дайындық, кәсіптің имиджі мәселелері жатады. Кәсіптік бағдар беру жұмысы мектептегі білім беру сатыларына сәйкес келетін үш кезеңге бөлу керек: бастауыш, орта және жоғарғы сынып. Бірінші және ішінара екінші кезеңдер-әлеуметтенудің өте кең контекстінде оқушының жеке басының максималды даму кезеңі. Оқушының жеке басын дамытудың тиімді әдістерінің бірі-жүйеге енгізілген өзін-өзі бақылау және жақын әлеуметтік ортаның жетістіктерін бағалау, демек “портфолио” әдісі деп аталады. Бұл әдістің артықшылығы оның жүйелілігі және кешенділігінде. Мұнда оқушы, былайша айтқанда, үздіксіз кері байланыс жағдайында болады: өзін-өзі таниды, өз мүмкіндіктерін өзін-өзі бағалау, құрдастарымен салыстыру арқылы мұғалімдердің, ата-аналардың, психологтардың тараптарынан кеңес алады. Бірте-бірте оқушы өзі туралы, оның нақты және әлеуетті мүмкіндіктері туралы идеяны қалыптастырады, бұл белгілі бір “мәліметтер базасы” болып табылады, онда кейінірек ересек жағдайдағы қызмет түріне бағдар қалыптасады. Өзін-өзі тануды тереңдететін екінші кезең 9-сынып оқушылары жоғарғы сыныпқа ауысар алдында жеке психодиагностикамен байланысты болады. Мұнда оқушыларға веб-сайттар базалары арқылы жоғары оқу орындарынан еріктілер топтары үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, ЖОО-дары жайлы жарнамалау, семинар-тренингтер жүргізу, сауалнамалар, тест сұрақтары және кьюар, бейне таспаларды көру арқылы жүзеге асады.

Демек кәсіби бағдар жұмыстарын шалғай ауылдарда шағын жинақталған мектептерде жүргізу мәселелерін қамту қажет. Ондай аймақтарда кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу онлайн режимінде қиындық туғызса, аудан орталығына оқушыларды жеткізіп, әр тоқсанда арнайы бағдарлама мен жоспар бойынша іс-шараны ұйымдастырылса.

Сонымен қатар мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, оқушылар мен ата-аналарға оқу орнының порталында немесе әлеуметтік желілердегі мамандандырылған парақшасында орналастыру арқылы кәсіптік бағдар беру үшін әртүрлі оқу бейнематериалдарын ұсынуға болады, онда ұсынылған мәселелерді онлайн форум режимінде талқылауға болады. Сондай-ақ мансаптық бағдарлау мақсатында *instagram*, *feizbuk* және интернет беттерінде сілтемелер беруге болады.

Бейнеконференциялар, вебинарлар кәсіптік бағдар беру іс-шараларының бір бөлігі ретінде ата-аналар жиналысын, әртүрлі мамандық өкілдерімен кездесулерді, оқыту семинарларын, топтық тренингтерді, аудиториялық сағаттарды өткізу үшін пайдалануға болады.

Веб-технологиялар арқылы оқушылар мен олардың ата-аналарына интерактивті оқыту және тестілеу бағдарламаларын ұсынады. Сондай-ақ, осы цифрлы технологияларды пайдалана отырып, кәсіптік бағдарлау тестілеуінен өтіп, оқушыдан кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы мектеп табалдырығынан басталатын болғандықтан және оларға мектепте арнайы кәсіби бағдар беруші маманның, мектептің серіктес ЖОО өкілдерінің, ата-аналардың қолдауымен Қазақстанның жаңа кәсіптер атласын негізге ала отырып, БББ-ларын және осы БББ-ларының қандай ЖОО-дарына даярланатындығын анықтау арқылы жүзеге асырылады. Таңдаған БББ-сына оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 204 бұйрығының [4] 1-қосымшасына сай бейіндік пәндерді анықтап, осы пәндер бойынша ҰБТ-ға дайындалады. Дайындық барысын мектеп мен ЖОО өкілдерінің бағыт-бағдар беруімен ұйымдастыруға болады.

Қазақстанның жаңа кәсіптер атласы арқылы еліміздегі кәсіптерді таңдау үдерісі мектептегі кәсіптік бағдар беруші маманның, ата-аналардың қатысуымен жүзеге асырылғаны дұрыс. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы барысында ата-ананың ықпалы басым болады. Бірақ, ата-аналардың кеңесі де кей жағдайларда оң, ал кей жағдайларда теріс болуы мүмкін, сонымен қатар кейбір ата-аналардың кеңесін балалары қабылдамауы да мүмкін. Л.В. Карцева оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ата-ананың әсерін зерттеу келе: «Ата-аналардың болашақ мамандықты таңдау саласындағы орта мектептің негізгі буынын бітірушінің жеке басына әсері негізінен оң. Аға буын өзінің кәсіби және адами білімін, мамандық іздеу тәжірибесін кішіге беруге тырысады. Мектепте оқып жүргенде белгілі бір адаммен бірдей білімі бар құрдастарымен салыстырғанда, оның ата-аналардың кеңестері мен ұсыныстарына назар аударуы максималды болады. Бұл жерде қазіргі заманғы кәсіптердегі, әсіресе жоғары білімді қажет етпейтін, бірақ қоғам үшін өте маңызды жұмысшылардағы ата-аналардың хабардарлығы белгілі бір оқу орнында орта мектептің 9-шы немесе 11-ші сыныбынан кейін оқуды жалғастыру туралы шешім қабылдауда теріс рөл атқаруы мүмкін» [5, б. 81]- деген қорытындыға келген. Сонымен қатар, ата-аналардың балаларының болашағына араласып, бірге кәсіби өзін-өзі анықтаулары оқушылар үшін маңызды. Ол жөнінде А.Т. Шакулиева, К.М. Тайболатов, А.К. Тастанова зерттеулерінде «Ата-аналардың кәсіптік бағдар беру, балаларының мансаптық ұмтылыстарын қалыптастырудағы рөліне арналған, соның ішінде ауылдық жерлерде және барлық білім деңгейлерінде

белсенді қатысуы оқушылардың мансаптық ұмтылыстарын қолдау үшін өте маңызды. Болашақ бастамалар барлық оқушылардың, әлеуметтік-экономикалық жағдайына немесе ата-анасының біліміне қарамастан, мансаптық шешімдер қабылдау үшін қажетті қолдауды алуын қамтамасыз ету үшін осы олқылықтарды жоюға бағытталуы керек» [6, б. 113] – деген қорытындыға келген.

А.В.Мальцев, Т.И.Касьянова, О.В.Закревская заманауи мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарына мұғалімдерің көзқарастарын зерттей келе, келесідей тұжырымдама берген: «Мектепте кәсіби өзін-өзі анықтауды сүйемелдеу бойынша жұмысты жетілдіру үшін кәсіптік бағдарлаудың нақты тәжірибелерінің технологиялары, яғни жұмыс құралдары мен әдістері қажет. Мұғалімдер, кәсіптік бағдар беру сабақтарын 7-8 сыныптардан бастаған тиімді, деген пікірді ұстанады. Мұғалімдердің көпшілігі оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі міндетін өмірлік анықтамадан көреді. Қазіргі мектепте кәсіптік бағдарлауды дамыту мәселелері бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеулер маңызды екені сөзсіз» [7]. Бұл мәселе қазіргі уақытта мемлекет тарапында өзекті болғандықтан, еліміздің орта білім беруші мектептеріне оқушыларға кәсіби бағдар беруші педагог лауазымы енгізілді және 2023 жылы «Педагог-кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұстанымдар» [7] бекітілді.

Педагог - кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұстанымдарында кәсіби бағдар жұмысын жүргізу мәселелері бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейінгі уақытта қарастырылған. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының бағыттары, әдістері, нәтиже деңгейлері қамтылған. Сонымен қатар оқушыларға кәсіби бағдар беру үдерісіне қатысушылар қатарына мектепті, ЖОО-дарын кіргізген [8].

Кейінгі уақытта мектеп түлектеріне кәсіби бағдар беру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінуде. Әрине бұл қуантарлық жағдай. Бірақ, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы тек мектеппен ғана шектелуі дұрыс емес. Қазақстан жастарының кәсіби өзін-өзі анықтау процессінің сапалы жүзеге асырылуы үшін ЖОО-дарының да орны ерекше. Себебі, мектеп түлегінің мектептен кейінгі өтетін деңгейі – ЖОО-ны. Paul Martin мектеп түлектерінің ЖОО-на оқуға түсуі туралы зерттеуінде «Мүмкіндіктерді Іске Асыру» бағдарламасы жөнінде былай деген: «... - бұл әртүрлі университеттердің консорциумы жүзеге асыратын қатысуды кеңейту бағдарламасы, оның мақсаты жастарды тандаулы университеттерге түсуге қолдау көрсету болып табылады. «Мүмкіндіктерді Іске Асыру» бағдарламасы бірнеше университеттер арасында құрылған серіктестікті қамтитынын ескере отырып, қатысумен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын кеңейту бойынша серіктестік дәстүріне сүйенеді. Мұны тек жекелеген университеттер мен жекелеген мектептер немесе колледждер ғана қолданады» [9].

Әрбір ЖОО өздері тандаған мамандықты алуға кәсіби бағдарланған

неғұрлым дайындалған оқушыларды тартуға мүдделі. Мұндай нәтижеге жетудің бір жолы - талапкерлерді осы ЖОО түсуге қосымша дайындау. Оқушылардың таңдауы бойынша ЖОО-нының нақты бір БББ тобына оқуға түсуге дайындық курстары кәсіптік бағдар беру жұмысының нысаны ретінде белсенді қолданылуда. Мұндай дайындықтың басым міндеттеріне мыналар жатады: оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, олардың жаңа жағдайларға психологиялық бейімделуі; білімді жүйелеу және жалпылау, жоғары оқу орнына түсуге және оқуға дайындық; білім алушылардың болашақ кәсіби қызметінде қажетті қасиеттерін анықтау және дамыту.

Жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілетін кәсіптік бағдарлау жұмысы мектеп пен жоғары оқу орнының өзара іс-қимылы екі тарап үшін маңызды мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін әртүрлі ресурстармен өзара тиімді алмасуды көзде құрылсатиімді болмақ. Кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде мектеп пен ЖОО-ның өзара қарым-қатынасы арқылы оқушыларды бейіндік оқыту мақсаттарына, жоғары сынып оқушыларына білім беру мазмұнын таңдаудың кеңдігін қамтамасыз ету және олардың өз бетінше саналы таңдау жасау қабілетін қалыптастыру контекстінде қарастыру жатады. [10, с. 34]

Н.Г. Блинникова мектептегі кәсіби бағдарлау рөлін келесідей сипаттайды [11, 118-119 с.с.]:

- soft skills (коммуникабельділік, креативтілік, стратегиялау, импровизация, цифрлық ортада жұмыс істей білу) икемді дағдыларын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларға оқушылардың қатысуын ұйымдастыру;

- әртүрлі деңгейдегі кәсіби бағдарланған конкурстарға оқушылардың қатысуын ұйымдастыру (16 жасқа дейінгі топ) (JuniorSkills).

Бейіндік оқытуда жоғары сынып оқушылары саналы түрде мамандық түрін өз еркімен таңдауға қаншалықты толық еркіндік ала алды деген сұрақ туындайды. Әрине, ол мүмкіндіктерді мектептің оқу үдерісін ұйымдастырудың тетіктері мен сапасы түпкілікті қанағаттандыра алмай келеді. Басым көпшілігінде ол үдеріс формалды түрде ғана жүргізілуде. Оған негізгі себеп: біріншіден, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарда мақсатқа бағытталған іс-әрекеттердің орындалмауы; екіншіден, оқу жоспарындағы вариативтіккомпонентте көзделген ауқымды сағаттардың мөлшерін таңдаулы курстарға емес, пәндік сипатта жалпы білім беретін пәндерді терең, кең меңгертуге бағытталуы; үшіншіден, мектептің тәжірибесінде кіріктірілген пәндерді оқытудың орнына, басым тәжірибелік мазмұндағы курстарды оқыту, кәсіби білім беретін оқу орындарымен бірлесе гуманитарлық, жалпы кәсіби курстарды оқытудың орыналмауы; төртіншіден, ата-аналар мен оқушыларды психологиялық, педагогикалық қолдаулардың жүйелі жүрмеуі, олардың мамандықты өз еркімен саналы таңдауына дайындықтарын қалыптастырып дамытуға бағытталған танымдық әр түрлі белсенді, өнімді

үйретудің формаларымен әдістерін тәжірибелеу, оқушының мамандықты өзі анықтауға, таңдауға диагностиканың да формалды жүруі; бесіншіден, 9-шы сыныптан кейін оқушылардың бейіндік бағыттары мен бейіндерін де ормалды түрде саралаудың орын алуы. [12, 365-366 б.б.].

Жалпы білім берудің жоғары сатысында бейіндік оқытудың енгізілуіне байланысты мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен білім беруді жалғастыруға қатысты ниеттеріне сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік туды. Мектептің өзге де субъектілермен, атап айтқанда жоғары кәсіптік білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру жоғары сынып оқушыларын дербес кәсіптік таңдау жасауға қажетті және уақтылы даярлауды қамтамасыз етуге әлеуметтік тапсырысты орындаудың тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін екені түсінікті.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасын арттыруда мектеп пен ЖОО-ның ролі туралы жоғарыда қамтылған отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, келесідей тұжырымдамаға келдік: қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман тұлғасын қалыптастырып, жетілдіру мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, отандық ЖОО-дары мен мектептер арасындағы серіктестікті нығайту мәселесінің маңыздылығы басым болмақ. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының ЖОО мен мектеп арасында тығыз байланыста өтуі оқушылардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына, осы бағытқа бейімделіп, психологиялық, моральдық тұрғыда даяр болуына еркіне ықпал етеді.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, және ол қоғам мен мемлекет үшін маңызды. Саналы кәсіби таңдауды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды қалыптастыруда жетекші рөл жалпы білім беретін мектепке беріледі. Осыған байланысты мектеп жастарды жеке басының ерекшеліктерін және еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, мамандық таңдауға дайындауға, оқушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектесуге бағытталған ғылыми негізделген іс-шаралар жүйесін іске асыруы керек.

Сонымен, оқушылардың сапалы, әрі білікті кәсіби бағдар алуларына негізгі әсер етуші мектеп және ЖОО екенін ескере келе Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Шымкент қалаларының, Ақмола, Қарағанды, Алматы, Жетісу, Ұлытау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарының жалпы білім беру мектептерінің оқушыларымен кәсіби бағдар жұмысын жүргізуді жоспарлады. Кәсіби бағдар беру жұмысы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығындағы, Кешенді

тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы ережесіндегі нормаларды, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ оқуға қабылдау Ережесі [13] негізге ала отырып жүргізілді.

ЖОО мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты күшейту мақсатында біздің тарапымыздан жоспар (Кесте 1) құрылды. Осы жоспады негізге ала отырып, біз өз тарапымыздан Алматы облысының жалпы білім беру мектептерін басшылыққа ала отырып, оқушыларымен кәсіби бағдар жұмысын жүргізуді қолға алдық.

Кесте1 - Жалпы білім беру мектебінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетімен бірігіп жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары

№	Іс-шара	Қатысушылар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Болашақ - білікті маманның қолында» түрлі маман иелерімен кездесу	7-11 сынып оқушылары «Университет түлектер қауымдастығы» мүшелері	Ай сайын	Мектеп ұжымы, Университет
2	Қазақстанның жаңа кәсіптер атласы	7-11 сынып оқушылары Ата-аналар	Қыркүйек Қараша Қаңтар Сәуір	Мектеп ұжымы Университет
3	Кәсіби бағдарлаушы экскурсия (мекемелерге, ұйымдар мен ұжымдарға экскурсия)	7-11 сынып оқушылары Ата-аналар	Ай сайын	Мектеп ұжымы Университет Экскурсия өтетін ұйым, мекеме
4	«Білімді ұрпақ – білікті маман» ЖОО-дарына экскурсия	7-11 сынып оқушылары Ата-аналар	Қазан Желтоқсан Ақпан Наурыз	Мектеп ұжымы Университет
5	Бейіндік пәндерді анықтау	9-11 сынып оқушылары Ата-аналар	Қыркүйек Қазан Қараша	Кәсіби бағдар беруші маман Университет қабылду компаниясы
6	Ата-аналар жиналысы: болашақ кәсіп, ЖОО-дары, бейіндік пәндер, ҰБТға дайындық, ҰБТ нәтижелері	9-11 сынып ата-аналары	Ай сайын	Сынып жетекшісі, Университет өкілдері
7	Оқу орындарының жәрмеңкесі	9-11 сынып оқушылары Ата-аналар	Жыл бойы	Сынып жетекшісі, Кәсіби бағдар беруші маман, Университет
8	Оқушылардың кәсіби бағдарлану диагностикасы	Кәсіби бағдар беруші маман, Университет	Жыл бойы	Кәсіби бағдар беруші маман

Құрылған «Жалпы білім беру мектебінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетімен бірігіп жүргізілетін кәсіби бағдар беру

жұмысының жоспары» бойынша Алматы қаласының төңірегіндегі орналасқан Іле, Қарасай, Жамбыл аудандық округтардағы жалпы білім беретін мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүзеге асырдық.

«Болашақ - білікті маманның қолында» тақырыбы бойынша кездесуде оқушылар мектеп мұғалімі, психолог, логопед, әлеуметтік қызметкер сынды маман иелерімен кездесті. Кездесу барысында оқушылар маман иелерінің қызметтері туралы біліп, қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Кездесу әр оқушының танысқан кәсіп туралы өз пікірін берумен қорытындыланды.

Оқушыларды ата-аналарымен Қазақстанның жаңа кәсіптер атласымен таныстыру барысында, қатсушылар арасында пікір-талас орнап, ата-аналар мен оқушылардың біріккен қорытынды пікірлері ортаға салынып, талқыланды. Пікір-талас атластағы қамтылған негізгі 9 саласы бойынша еңбек нарығындағы тренд кәсіптер аясында өткізілді.

Кәсіби бағдарлаушы экскурсияда оқушыларды университет шеңберінде даярланатын БББ-лары негізінде ұйымдастырылды. Педагогикалық бағыттағы кәсіптерді таңдаған оқушыларды мектептерге, арнайы мектептерге, колледждерге, Ғылыми бағытты таңдаған оқушылармен ғылыми зерттеу институттарына, университеттің ғылыми лабораторияларына, Мәдениет саласын таңдаған оқушыларды университеттің бітіруші түлектерінің жұмыс орындарына (театр, хореографиялық студиялар, сурет салу студиялары және т.б.), әлеуметтік жұмыс БББ-сын таңдаған оқушыларды балалар үйіне, қарттар үйіне, әлеуметтік көмек беру орталықтарына және т.б. мекемелерге, ұйымдар мен ұжымдарға экскурсия жүргізілді.

«Білімді ұрпақ – білікті маман» тақырыбындағы ұйымдастырылған ЖОО-дарына экскурсия оқушылардың өздерінің таңдаған университеттерінде өтті. Сонымен қатар оқушылар ЖОО-дарының жәрмеңкесіне де қатысты. Әр университет оқушыларды өз миссияларымен, атрибуттарымен және өзіндік ерекшеліктерімен, Білім беру бағдарламаларымен, осы бағдарламалардың нәтижелерімен таныстырып, кәсіби бағдар беру жоспарының келесі кезеңіне өттік. Мұнда оқушылар өздеріне ұнаған Білім беру бағдарламаларын таңдау арқылы, бейіндік пәндерді анықтап, бейіндік білім алуға көшті.

Бейіндік пәндерді анықтау үдерісінде оқушылар ата-аналармен бірге университеттегі даярланатын БББ-ларын таңдау арқылы оқуға түсуге дайындалатын бейінік пәндерін анықтады.

Болашақ кәсіп, ЖОО-дары, бейіндік пәндер, ҰБТға дайындық, ҰБТ нәтижелері бойынша өткен ата-налар жиналысын мектеп ұжымы мен университет өкілдері бірігіп өткізді. Мұнда анықталған бейіндік пәндер бойынша дайындық барысын университеттің оқытушылары мен мектеп мұғалімдерінің бірігіп кеңес беру сабақтарын жүргізіп, оқушылардың білім деңгейлерін анықтап, әр тапсырған ҰБТ балдары бойынша талдау жасаддынып отырды.

Оқу орындарының жәрмеңкесі арқылы оқушыларды ата-аналарымен қатыстыру арқылы жастардың кәсіби бағдарлануы нақтыланды. Өздерін қызықтыратын БББ-сы бойынша тағыда терең ақпарат алды.

Кәсіби бағдар беру барысында мектеп ұжымымен бірге жоспарланған іс-шараны ұйымдастырып, өткізу және оның нәтижесін оқушылар мен ата-аналардың іс-шара соңындағы кері байланыстары арқылы анықтап отырдық.

Нәтижелер

Кәсіби бағдар береру жұмыстарын мектеп пен ЖОО-ның арасында әлеуметтік серіктестік орнату, оқушыларға еңбек нарығының қазіргі қажеттіліктері мен кәсіби мамандарды даярлаудағы заманауи талаптарды ескере отырып, тиімді ақпарат беру. Атап айтатын болсақ, жоғарыда көрсетілген әдіс – тәсілдерді жүргізу үшін серіктес келісім шарттар негізінде мектеп, гимназия, лицей және кәсіби колледж оқушыларына болашақ мамандық таңдауға ашық есік күндерін өткізеді және әрбір сала бойынша мамандар даярлау кафедралары кәсіби бағдар жұмысын жүргізе іс-шараларын университеттің сайтында, «Instagram» (qyzpu), «Feizbuk», «TikTok» желілерінде жариялайды және де ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілуде, еңбек нарығында бағдарлауға көмектесетін цифрлы ресурстар да қарастырылған. (<https://qyzpu.edu.kz/ru/a/news/2027-den-otkritih-dverej>).

Сонымен қатар кәсіптік бағдар беруді дамытуға университет бюджетінен қаржы бөлетінін атап өткен жөн, мұнда оқытушыларды еліміздің әрбір аймақтарына іс сапарға жіберу арқылы кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуге жақсы мүмкіндіктер береді.

Осы жүргізілерініс-шаралар негізінде, оқушылардың кәсіби бағдарлану диагностикасын шығара келе біз жалпы білім беретін мектептермен бірігіп жүргізген кәсіби бағдар жұмысымыздың қорытындысы бойынша оқушылардың кәсіби бағдарлануының деңгейін анықтадық. Кәсіби бағдар жүргізген оқушылардан кәсіби бағдар жүргізу жұмысының басында және соңындағы қорытынды көрсеткіші Кесте 2 көрсетілген.

Кесте 2 - Оқушылардың кәсіби бағдарлану диагностикасы

№	Оқушылардың кәсіби бағдарлануы	Басы	Соңы
1	БББ-сын таңдау деңгейі	62,3%	88,5%
2	Бейінік пәндерге дайындық	59,8%	79,2%
3	ҰБТ нәтижесі	59,2%	85,3%

Оқушылардың кәсіби бағдарлану диагностикасы оқушылардың тапсырған Ұлттық бірыңғай тестілеуінің қорытындысымен және ЖОО-дарына оқуға түсуі бойынша анықталды.




Диаграмма 1 - Оқушылардың кәсіби бағдарлану диагностикасы

Оқушылардың кәсіби бағдарлану диагностикасы келесіні көрсетті: білім беру бағдарламасын таңдау деңгейі бастапқыда 62,3% төмен, ал соңында 88,5% жоғары көрсеткіш көрсетті. Бейінік пәндерге дайындық та 59,8% төмен, ал соңында 79,2% жоғары көрсеткіш көрсетті. Ал, ҰБТ нәтижесі 59,2% төмен, соңында 85,3% жоғары көрсеткіш көрсетті. Демек, мұнда бастапқыда оқушылардың кәсіби таңдау барысында мамандықтар жайлы ақпараттарды әлі де толық қанды түсінбегендерін және болашақта еліміздің нарықтық жағдайына деген сұраныстардың қажеттілігі туралы білгеннен кейін шешім қабылдайды. Осындай ақпараттардың және ЖОО-дары туралы мәліметтермен сұхбат жүргізу арқылы танысу нәтижесінде, соңында жоғары көрсеткішке ие болады.

Сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әдістерді қолдану арқылы және білім беру мектебінде жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары бойынша өткен іс-шаралар арқылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне Алматы облысының жалпы білім беру мектептері түлектерінің 579-ы оқуға түсті. Былтырғы жылдарға қарағанда оқуға түскен талапкерлердің 13,3%-ына артық көрсеткішке ие болып отыр.

Талқылау

Кәсіби бағдар жұмысын жүргізу мақсатында «Instagram», «Feizbuk», «TikTok» әлеуметтік желілері мен интернет-порталы құрылды. Міне осындай ақпараттық ресурстар арқылы еліміздегі еңбек нарығы, білім беру, оқыту және бос жұмыс орындары туралы кең көлемді ақпаратты біріктіретін және

кәсіптік бағдар беру қызметтерінің кешенін ұсынатын болашақ мамандық таңдауға үлкен әсерін тигізеді. Мұндай іс-шаралардың барлығы мектеп оқушыларына мамандық таңдау үрдісінде қолдау көрсетуге, олардың өздерін және еңбек нарығын жақсы түсінуі үшін ақпаратпен, құралдармен және тестілеумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осындай мектеп оқушыларына жүргізілген кәсіби бағдар беру жұмыстарының жалпы білім беретін мектептермен тығыз байланыста өтуі, құрылған жоспары, ұйымдастырылған әрбір іс-шара нәтижелері институт отырыстарында талқыланып, хаттамада көрініс алып отырды. Жүргізілген жұмыстың қорытынды нәтижесі университеттің Ғылыми кеңесінде тыңдалып, талқыланды.

Қорытынды

ЖОО жүргізетін кәсіптік бағдар беру жұмысы, талапкердің өмір жолын таңдауда саналы, салмақты шешім қабылдауға тікелей әсер етеді. ЖОО-ның ақпараттарымен танысады, ол жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларын қарастырады. ЖОО оқытушылары өткізетін іс-шараларға қатыса отырып, кәсіпті дұрыс таңдауға мүмкіндік алады. Біздің деректер бұл тұжырымды растайды.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе біз мектеп пен ЖОО арасындағы өзара ынтымақтастық арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру қызметінің келесідей маңызды жақтарын анықтадық:

- оқушылардың, олардың ата-аналарының мүдделерін ескере отырып кәсіптік бағдар беру, психологиялық қолдау сияқты қызметтердің жүргізілуі;
- бейіндік оқытуды мектеп ұжымымен бірігіп жүзеге асыру;
- кәсіби бағдар беру мәселелері мен іс-шараларын бірігіп өткізу.

Осылайша, ЖОО және мектеп арасында тиімді өзара ынтымақтастық ұйымдастыру арқылы оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыру қажеттілігі еліміздің білікті маман даярлауға қатысты өзекті мәселесінің шешімін табуға бағыт береді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жаныбекова Л.Т., Жукенова Г.Б., Таубаева Г.З. Жоғары оқу орнында элеуметтік педагогтарды тәжірибеге бағытталған оқыту: кәсіби-тұлғалық тұрғыда қалыптасудағы қиындықтары. //Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2025. - 1 (76). - 276-292 б.

[2] Дзитоев Г.Р. Бигаева И.М. Профориентационная работа вузов со школьниками //Современные наукоемкие технологии. – 2014. –№ 7 (часть 2)

[3] Jo Rose, Leon Tikly, Liz Washbrook «Learning to play the game»: How schools with below average attainment can support the decision-making

processes for high-potential learners in applying for university. - Access mode: URL: <https://bera-journals.onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/berj.3529> [Date of access: 03.12.2024]

[4] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 204 бұйрығы Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173> [Қаралған күні: 04.12.2024]

[5] Карцева Л.В. Профориентационные установки родителей старшеклассников и их влияние на профессиональное самоопределение учащихся школы //Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. Серия: Социальные науки. - 2019. - №2 (54). - С. 68-83.

[6] Shakuliyeva A.T., Taibolatov K.M., Tastanova A.K. The Parental Influence on Their Children's Career Choices //Білім (Ғылыми-педагогикалық журнал). – 2024. - № 3 (110). – 107- 116 bb

[7] Мальцев А.В., Касьянова Т.И., Закревская О.В. Профориентация в современной школе: взгляд учителя //Известия Уральского федерального университета. Серия 1: Проблемы образования, науки и культуры. - 2021. Том 27. №4. С. 206–218.

[8] Педагог-кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұстанымдар / Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы – Астана, 2023 – 166 Б.

[9] Paul Martin Do participants in widening participation outreach programmes in England progress to selective universities at a higher rate than would otherwise be expected? - Access mode: URL: <https://bera-journals.onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/berj.4011> [Date of access: 04.12.2024]

[10] Курбанов С.Р. Взаимодействие школы и вуза как фактор повышения результативности профориентационной работы // «Мировая наука». – 2018. - №9(18). – С. 33-34

[11] Блинникова Н.Г. Реализация инвариантного модуля рабочей программы воспитания «Профориентация» с использованием коуч-технологии «Колесо успеха» // XXII Красноярские краевые Рождественские образовательные чтения «К 350-летию со дня рождения Петра I: секулярный мир и религиозность»: материалы и доклады Межрегион. науч.-практ. конф. - Красноярск, 2022. - С. 111–126.

[12] Саипов А., Байдалиев К.А., Омаров Б.С., Кошкинбаева Н.Р. Мектептің кәсіби бағдар жұмысы: тарихи алғышарттар мен педагогикалық мәселелері /Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ Хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2023. - №2 (69). - Б.358-372.

[13] «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ оқуға қабылдау Ережесі. - Алматы, 2024. – 71 б.

REFERENCES

- [1] Zhanybekova L. T., Zhukenova G. B., Taubaeva G. Z. Joǵary oqý ornında áleýmettik pedagogtardy tájırıbege baǵyttalǵan oqytý: kásibi-tulǵalyq turǵyda qalyptasýdaǵy qyndyqtary. (Practice-oriented training of social educators in higher education institutions: difficulties of professional and personal development.). //Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL Series “Pedagogical sciences”. – 2025. – 1 (76). – 276-292 b. [in Kaz.]
- [2] Dzitoev G.R. Bigaeva I.M. Proforientacionnaya rabota vuzov so shkolnikami (Career guidance work of universities with schoolchildren) // Sovremennye naukoemkie tehnologii. – 2014. – № 7 (chast 2) [in Rus.]
- [3] Jo Rose, Leon Tikly, Liz Washbrook «Learning to play the game»: How schools with below average attainment can support the decision-making processes for high-potential learners in applying for university. - Access mode: URL: <https://bera-journals.onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/berj.3529> [Date of access: 03.12.2024]
- [4] Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2017 zhylygy 2 mamyrdagy «Gltyk biryngaj testileudi otkizu qagidalaryn bekitu turaly» № 204 bujrygy (Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated May 2, 2017 No. 204 “On approval of the rules for conducting the Unified National Testing”). - Kirw rejimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173> [Qaralǵan kúni 04.12.2024] [in Kaz.]
- [5] Karceva L.V. Proforientacionnye ustanovki roditelej starsheklassnikov i ih vliyanie na professionalnoe samoopredelenie uchashihsya shkoly (Vocational orientation attitudes of parents of high school students and their influence on professional self-determination of school students) //Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N. I. Lobachevskogo. Seriya: Socialnye nauki. - 2019. - №2 (54). - S. 68-83. [in Rus.]
- [6] Shakuliyeva A.T., Taibolatov K.M., Tastanova A.K. The Parental Influence on Their Children’s Career Choices //Білім (Ғылыми-педагогикалық журнал) – 2024. - № 3 (110). – 107- 116 bb
- [7] Malcev A.V., Kasyanova T.I., Zakrevskaya O.V. Proforientaciya v sovremennoj shkole: vzglyad uchitelya (Vocational guidance in a modern school: a teacher’s view) //Izvestiya Uralskogo federalnogo universiteta. Seriya 1: Problemy obrazovaniya, nauki i kultury. - 2021. - Tom 27. - №4. - S. 206–218. [in Rus.]
- [8] Pedagog-kasibi bagdar berushilerge arnalǵan adistemelik ystanymdar (Methodological principles for pedagogical career counselors) / Y.Altynsarin atyndagy Ylttyk bilim akademiya – Astana, 2023 – 166 B. [in Kaz.]
- [9] Paul Martin Do participants in widening participation outreach programmes in England progress to selective universities at a higher rate than would otherwise be expected? - Access mode: URL: <https://bera-journals.onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/berj.4011> [Date of access: 04.12.2024]

[10] Kurbanov S.R. Vzaimodejstvie shkoly i vuza kak faktor povysheniya rezultativnosti proforientacionnoj raboty (The interaction between school and university is a factor in increasing the productivity of professional orientation work) // «Mirovaya nauka» – 2018. - №9(18). – s. 33-34 [in Rus.]

[11] Blinnikova N.G. Realizaciya invariantnogo modulya rabochej programmy vospitaniya «Proforientaciya» s ispolzovaniem kouch-tehnologii «Koleso uspeha» (Realization of the invariant module of the working program of education «Professional Orientation» using the coaching technology «Wheel of Success») // XXII Krasnoyarskie kraevye Rozhdestvenskie obrazovatelnye chteniya «K 350-letiyu so dnya rozhdeniya Petra I: sekulyarnyj mir i religioznost»: materialy i doklady Mezhhregion. nauch.-prakt. konf. - Krasnoyarsk, 2022. - S. 111–126. [in Rus.]

[12] Saipov A., Bajdaliev K.A., Omarov B.S., Koshkinbaeva N.R. Mekteptin kasibi bagdar zhymysy: tarihi algysharttar men pedagogikalyk maseleleri (School career guidance: historical prerequisites and pedagogical issues). // Abylay han atyndagy Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL Series “Pedagogical sciences–2023. - №2 (69). - Б.358-372. [in Kaz.]

[13] «Kazak ылтык kyzdar pedagogikalyk universiteti» КеАК okuga kabylday erezheci. (Admission Rules of the Kazakh National Women’s Pedagogical University). - Almaty, 2024. – 71 b. [in Kaz.]

РОЛЬ ВУЗА В ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ С УЧАЩИМИСЯ ШКОЛ

*Жарикбаева Д.Р.¹, Балажанова К.М.², Рахметова Н.Б.³

*^{1,2,3}Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

Аннотация. Светлое будущее нашей страны формируется из образованного, конкурентоспособного и квалифицированного специалиста. Поэтому профессиональное становление нашей молодежи является одним из актуальных вопросов для Казахстана. В целях качественной реализации выбора учащимися будущей профессии возникает необходимость уделять особое внимание профорientационной работе. Основная цель профорientации определяется тем, что помогает сделать правильный выбор, необходимый для профессионального определения личности учащейся молодежи. Профессиональная ориентация учащихся не только формирует у них систему представлений о мире профессий, но и позволяет старшеклассникам развивать уверенность в своих силах в выборе средств и способов достижения собственной цели в важной деятельности, возможности реальной самооценки своих действий. В этой связи, в статье мы исследовали эффективность профорientационной работы через построение отношений между вузом и общеобразовательной школой. В ходе

исследования были налажены контакты со школами, совместно составлен план профориентации школьников, проведена профориентационная работа в рамках данного плана. За основу в организации профориентационной работы взят Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования утвержденный Министерством образования и науки РК от 31 октября 2018 года №600, Правила проведения комплексного тестирования, атлас новых профессий Казахстана. Кроме того, совместно со школами мы реализовали профориентационную работу среди учащихся, родителей по разработанному плану. В целях качественной профориентации учащихся важно совершенствовать сотрудничество между вузами и общеобразовательными школами.

Ключевые слова: профориентация, профессиональная адаптация, профильное обучение, специальность, ВУЗ, школа, ученик, выпускник

THE ROLE OF THE UNIVERSITY IN THE ORGANIZATION OF CAREER GUIDANCE WORK WITH SCHOOLCHILDREN

*Zharikbaeva D.R.¹, Balazhanova K.M.², Rakhmetova N.B.³

*^{1,2,3}Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. A nation's future prosperity depends on an educated, competitive, and highly qualified workforce. Therefore, supporting the professional development of young people remains a crucial priority in Kazakhstan. Effective career guidance plays a key role in ensuring students make informed decisions about their future professions. The primary goal of career guidance is to facilitate students' professional identification by helping them make appropriate career choices. Beyond providing information about various professions, career guidance fosters self-confidence among high school students, enabling them to set and pursue their own professional goals through informed decision-making and self-assessment. This study examines the effectiveness of career guidance through strengthened collaboration between universities and secondary schools. During the research, partnerships were established with schools, a career guidance plan for students was developed, and activities were carried out in accordance with this plan. The organization of career guidance was guided by key national regulations, including the Standard Rules for Admission to Educational Organizations Implementing Higher and Postgraduate Education Programs (approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, October 31, 2018, No. 600), the Rules for Conducting Comprehensive Testing, and the Atlas of New Professions in Kazakhstan. Additionally, career guidance activities were implemented in collaboration with schools, involving both students and parents. The findings highlight the importance of enhancing cooperation between

universities and secondary schools to improve the quality and impact of career guidance efforts.

Keywords: career guidance, professional adaptation, specialized education, specialty/major, university, school, pupil/student, graduate

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 27.02.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.*

Авторлар туралы мәлімет:

Жарикбаева Дарига Ражимжановна п.ғ.к., аға оқытушы, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Балажанова Кымбат Мағитаевна магистр, аға оқытушы, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Рахметова Нурзия Байтукешевна аға оқытушы, профессор м.а., Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Информация об авторах:

Жарикбаева Дарига Ражимжановна к.п.н., ст. преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет

Балажанова Кымбат Мағитаевна магистр, ст. преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет

Рахметова Нурзия Байтукешевна к.п.н., и.о. профессора, Казахский национальный женский педагогический университет

Information about the authors:

Zharikbayeva Dariga Rakhimzhanovna, PhD, senior lecturer, ³Kazakh National Women's Teacher Training University

Balazhanova Kymbat Magitaevna is a master's degree, senior lecturer, ³Kazakh National Women's Teacher Training University

Rakhmetova Nurzia Baytukeshevna, PhD, Acting Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University